

ОНЛАЙН СЕМИНАР



2022 жылдың 16-шы наурызында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауында айқындағандай Абай облысы болып қайта жандандық.

Сол себепті осы орайда Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасы еншісіне барлығы 137 кітапхана, оның ішінде, 15 қалалық оның ішінде 1 облыстық, 1 арнайы, 1 балалар және жасөспірімдер және 122 ауылдық, оның ішінде 9 аудандық кітапханаға әдістемелік көмек көрсету бағытталған. Облыс бойынша кітап қоры 1 қаңтар 2022 жылы 2402406 дана құрады.

Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасы ағымдағы жылдың 4 қарашасында ZOOM платформасында Абай облысының кітапхана қызметкерлеріне арнап, «Кітапхана ісін ілгерілетудің басым бағыттары» тақырыбында онлайн семинар өткізді.

Абай атындағы облыстық кітапхана директорының орынбасары Гүлнар Нұғыманова семинар қатысушыларына құттықтау сөз сөйлеп, дәстүрлі формалар мен жұмыс әдістерін жаңарту арқылы халықтың оқуға деген қызығушылығын дамыту мен оқу беделін қолдауда кітапханалардың рөлін атап өтті. Семинар барысында кітапханашыларға 2023 жылы жұмысты жоспарлау кезінде ескерілуі тиіс негізгі тақырыптар мен басым бағыттарды айқындап берді.

Шара барысында Ольга Мальцева кітапханадағы бұқаралық жұмыстың креативті түр-

лері, оның ішінде пікірталас, квест, кітап десанты, поэтикалық батл және басқалары туралы толыққанды ақпарат беріп, дәрісіміз слайд көрсетілімі ұсынылды. Анар Оспанова қатысушыларды 2023 жылдың Қазақстанның мемлекеттік, кәсіби мерекелері, танымал тұлғалардың, ақын-жазушылардың атапы ететін мерейтойлары және кітапхананың ақпараттық библиографиялық қызмет көрсету белімі дайындаған «Абай облысының 2023 жылға арналған атаулы күндер күнтізбесімен» таныстыра отырып, келесі жылдың мынадай маңызды атаулы күндеріне ерекше назар аударды: ақын, философ Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл, ақын, аудармашы, әдебиеттанушы Мұрат Сұлтанбековтің туғанына 85 жыл, Абай атындағы Қазақ драма театрының өншісі Болат Сыбановтың туғанына 85 жыл, өнші Келденбай Өлмесекөвтің туғанына 70 жыл.

Онлайн семинар соңында әріптесіміз, айттыскер ақын, Қуандық Кенжебекұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Бұл өн бұрыңғы әннен өзгек» әнін орындап, семинарға өзіндік сұлу сарын үнімен, тамаша әсер сыйлады. Бұл дәрістен әріптестеріміздің келер жылы жұмыстарының ілгерулеріне, өлкеміздің танымал тұлғаларын насихаттауда алары мол екенін зор ықыласпен айта аламыз.

Анар Оспанова,
Абай атындағы облыстық
кітапхана қызметшісі,
Абай облысы